

«Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2023-2024 оқу жылы
Хаттама №1

Қатысқандар: 9 педагог

31.08.2023жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2023-2024 оқу жылына дайындық, педагог кадрларды орналастыру.
2. Айлық жоспарды бекіту.
3. Білім беру процесіне қатысушылар қауіпсіздігін бақылау.
4. Тамақтануды ұйымдастыру.
5. Жаңадан келген педагогтерді бақылауға алу.

Тыңдалды : меңгеруші Р.Ж.Шауменова

Құрметті әріптестер жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын. Әрине баршамыз осы бақшамыздың әдемі, таза, бала деңгейіне қарай жасақталуына өз үлестеріңізді қосып жақсы дайындық жұмысын жүргіздіңіздер.

-Педагогикалық кадрларды өз топтарына орналасқанын атап өтті:

1. «Гүлдер» кіші тобы Оспанова С,Абиева Т
2. «Балапан» ортаңғы тобы Өтетілеуова Б,Абдуллаева Н
3. «Күншуақ» ересек тобы Кенжегулова Б,Нарынбаева Б

Биылғы оқу жылында: 1-кіші топ, 1-ересек топ, 1-ортаңғы топ

Жаз айында ағымдағы тазалық жұмыстары жүргізілді.

Екінші мәселе: Әдіскер А.Қалуова сөз сөйледі. Қыркүйек айындағы айлық жоспармен таныстырылып, бекітілді.

Үшінші мәселе бойынша медбике Л.Арыстанова сөз сөйледі.

Адам өмірі қауіпсіздігін сақтау ережелері барлық топтарда бар. Тәрбиешілер де, тәрбиеші көмекшілері де балаға жағдай жасап, тазарту жуу жұмыстарын күнделікті уақымен жүргізеді. Дегенмен де қауіпсіздік ережелерін сақтап үнемі оқып, мұқият, терең танысып, орындау бәріміздің міндетіміз деп ескертті. Балалардың өмір қауіпсіздігіне жауапты тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшісі екенін естен шығармауымыз керек.

-балабақша медбикесі Л.Арыстанова сөз сөйледі. Әр топта күн тәртібі бойынша уақытында балаларға тамақтарын беру. Ыдыс аяқтардың таза болуы және бірінші, екінші тағамдарға әр баланың өз тарелкасы болуы керек екенін қатаң ескертті.

Шешім:

1. Барлық жаңа оқу жылындағы құжаттар бекітіліп дайын болсын, әдіскерге жүктелсін.
2. Топтардың жағдайын бақылауға ұстау шаруашылық меңгерушісіне жүктелсін.
3. Тамақтануды ұйымдастыруды бақылауға ұстау медбикеге жүктелсін.

Кеңес төрайымы:  Р.Ж.Шауменова

Хатшы:  Б.Б.Нарынбаева



«Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2023-2024 оқу жылы
Хаттама №2

Қатысқандар: 9 педагог

04.10.2023жыл.

Күнтәртібіндеқаралатынмәселелер:

1. Айлық жоспарды бекіту.
2. Жылу маусымына дайындық.
3. Педагогтердің біліктілігін арттыру.
4. Ата-аналар комитеті жұмысы.
5. Бақылау және басқару жұмысы.

Тыңдалды:

- Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Қалуова сөз сөйледі. Айлық жоспармен таныстырылып бекітілді.
- Екінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі сөз сөйледі. Жертөледегі жылыту қазандықтары көнергенін атап өтті. Алайда топтардағы жылыту құбырлары дайын. Әдіскер А.Қалуова биылғы оқу жылында қаңтар айына дейін тестілеу жұмысы болмайтынын айтты. Осы балабақшаға келетін конкурстарға Республикалық, облыстық іс-шараларға тәрбиеленушілерімізді дайындап қатыстыру ескертілді. Уақыты келіп тұрған педагогтерді курстан өту ескертілді. Әр топтағы ата-аналар комитеті мүшелерін атап өтті. Бала тәрбиесінде ата-аналармен жұмысты нығайту тапсырылды.

1. «Гүлдер» кіші тобы	Оспанова С,Абиева Т
2. «Балапан» ортаңғы тобы	Өтетілеуова Б,Абдуллаева Н
3. «Күншуақ» ересек тобы	Кенжегулова Б,Нарынбаева Б
- Меңгеруші Р.Ж.Шауменова сөз сөйледі.
 1. Балалардың өмірін қорғау ережелерінің талаптарын орындау. Оқу процесінің өтуі ҰІӨ бойынша дидактикалық материалдар, бұрыштар жасақталып толықтырылсын.
 2. Биылғы оқу жылында алынған: «Театрлық іс-әрекетті пайдалана отырып, бала тілін дамытуға» материалдар жинақталсын.

Шешім:

1. Жылу жүйесі бойынша бақылау жұмыстары күшейтілсін..
2. Ата-аналар комитетімен бірлесе отырып іс-шаралар өткізілсін.
3. Топтағы барлық артық заттар шығарылсын.
4. Көрнекілік, шкафтар бала бойымен бірдей ілінсін.
5. Театрлық іс-әрекет бұрыштары толықтырылсын.

6. Жатын бөлмедегі артық заттар шығарылсын, барлық топтағы айналар алынып тасталынсын.

7.Көрнекіліктер, дидактикалық материалдар толықтырылсын.

Кеңес төрайымы:  Р.Ж.Шауменова

Хатшы:  Б.Б.Нарынбаева



«Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2023-2024 оқу жылы
Хаттама №3

Қатысқандар: 9 педагог

03.11.2023жыл.

Күнтәртібіндеқаралатынмәселелер:

1. Айлық жоспарды бекіту.
2. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі бойынша жұмыстың жағдайы.
3. Жарақаттың алдын алу.
4. Аттестаттау комиссиясының жұмысын талдау.
5. Бақылау және басқару жұмысының нәтижелері.

Тыңдалды:

- Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Қалуова сөз сөйледі. Айлық жоспармен таныстырылып бекітілді.
- Екінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі сөз сөйледі.

Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі техникасы бойынша нұсқаулықтардың орындалуы туралы, оның маңыздылығына тоқтала келіп, нұсқаулықтарды қайталап таныстырды. Тәрбиешілерге балалардың үйдегі қауіпсіздігі туралы нұсқаулар, жадынамаларды ата-аналарға таратуды тапсырды. Балалардың денсаулығын нығайтуда, спортқа әуестендіріп, күн тәртібі ережелерін сақтай білуге, жаңа инновациялық жолдар арқылы баланы шынықтыру, салауаттылыққа тәрбиелеу, ол уақытта да баланың қауіпсіздігін сақтау мекеме қызметкерлерінің негізгі мақсаты.

Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу әрбір ата-анамен тәрбиешінің міндеті.

Үшінші мәселе бойынша медбике Л.Арыстанова сөз сөйледі.

Балабақша тәрбиешілеріне түрлі жағдайларда алғашқы жәрдем беру туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Дәрігерлік алғашқы көмек беру дағдылары үйретілді.

-Төртінші мәселе бойынша әдіскер сөз сөйледі. Аттестацияға баратын педагогтар жұмысына толықтыру жұмыстарын жүргізу туралы атап өтті.

- Бақылау және басқару жұмысы туралы. Тізім ілу, күн тәртібі, ескі заттарды шығарту, артық шкафты шығарту, 5 дағды бұрыштары, 5 папка толықтырылу жұмыстары жүргізіліп жаңартылды.

Барлық топ тәрбиешілеріне А-3, А-4 форматтағы көрнекіліктер, үлестірмелі материалдармен толықтыру ескертілді.

Шешім:

1. Айлық жоспардағы жұмыстар орындалсын.
2. Балалардың қауіпсіздік ережелері күнде сақталсын.
3. Жарақаттың алдын алу жұмыстары ескертілсін.
4. Бақылау-тексеру жұмыстарындағы айтылған ескертулер мен жоқ заттар толықтырылсын.

Кеңес төрайымы:  Р.Ж.Шауменова

Хатшы:  Б.Б.Нарынбаева



«Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2023-2024 оқу жылы
Хаттама №4

Қатысқандар: 9 педагог

04.12.2023 жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Айлық жоспарды бекіту.
2. Тәуелсіздік күні мерекесіне дайындық.
3. Аттестаттау комиссиясының жұмысын талдау.
4. Бақылау және басқару жұмысының нәтижелері.

Тыңдалды:

- Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Қалуова сөз сөйледі. Желтоқсан айында жасалатын жұмыстар жоспарымен таныстырды.
- Екінші мәселе бойынша әдіскер А.Қалуова тәуелсіздік күніне өткізілетін шаралармен таныстырып, безендіру жұмысын жасауға педагогтерді бөлді.
- Үшінші мәселе бойынша меңгеруші Р.Шауменова сөз сөйледі. Педагогтармен ақылдасып, музыка залын безендіру жұмыстарының эскизі құрылды. Шаруашылық меңгерушісіне, есепшіге, музыка жетекшілеріне, тәрбиешілерге залды безендіру жұмыстары бөліп берілді.

Шешім:

1. Айлық жоспар орындалсын.
2. Тәуелсіздік, Жаңа жыл мерекелеріне залды безендіру жұмыстары жүргізілсін.
3. Қауіпсіздік ережелері сақталсын.

Кеңес төрайымы:  Р.Ж.Шауменова

Хатшы:  Б.Б.Нарынбаева



«Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2023-2024 оқу жылы
Хаттама №5

Қатысқандар: 9 педагог

10.01.2024жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Айлық жоспарды бекіту.
2. I-жарты жылдық бойынша талдау.
3. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша талдау.
4. Санат алуға талаптанған мамандар жұмысын талқылау, бақылау және басқару жұмысының нәтижелері.
5. Бақылау және басқару жұмысының нәтижелері.

Тыңдалды:

- Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Қалуова сөз сөйледі. Барлық педагогтарды айлық жоспармен таныстырды. Қаңтар айында жасалатын "Аталар, әжелер, әкелер,аналар" мектебі жоспарымен таныстырып, жауапты адамдар бекітілді. Ашық үй жоспары бекітіліп, уақыты ескертілді.
- Екінші мәселе бойынша әдіскер А.Қалуова сөз сөйледі. Бірінші жарты жылдық бойынша қорытынды жасалды. Мерекелік іс-шаралар жұмысы өз уақыты бойынша, бекітілген кестеге сәйкес өтті. "Күз", "Қыс", "Тәуелсіздік күні" мерекелік ертеңгіліктері өз деңгейінде жақсы өткенін атап өтті. Әр мерекелік ертеңгілікке ақылы қызмет жұмысы бойынша Ж.Исимғалиева екі биден шығарды Ата-аналар көңілінен шықты.
- Үшінші мәселе бойынша медбике Л.Арыстанова сөз сөйледі. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша талдау жұмысы.
- Төртінші мәселе бойынша А.Қалуова сөз сөйледі. Жылдық жоспарда берілген екі тапсырманың орындалуы бойынша тексеру жұмыс жүргізілді. Әлде де жұмыстарды толықтыру керек екені ескертілді. Педагог-модератор санатына талаптанып жатқан педагогтар туралы атап өтті, құжаттарын уақытында дайындау ескертілді.

Шешім:

1. "Аталар, әжелер, әкелер, аналар" мектебі, "Біртұтас тәрбие" жоспары орындалуы бақылауға алынсын.
2. Алдағы болатын ертеңгіліктерге безендіру жұмыстарының эскизі жасалсын.
3. Балабақшаға бала қатысымы бақылауға алынсын.
4. Жылдық екі тапсырма ескертулері толықтырылсын.

Кеңес төрайымы:  Р.Ж.Шауменова

Хатшы:  Б.Б.Нарынбаева



«Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2023-2024 оқу жылы
Хаттама №6

Қатысқандар: 9 педагог

05.02.2024жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Айлық жоспарды бекіту.
2. Қалалық сайысқа дайындық туралы.
3. Аралық мониторинг нәтижесін талдау.
4. "Наурыз", "8-Наурыз" мерекелеріне дайындық.
5. Бақылау және басқару жұмысының нәтижелері.

Тыңдалды:

-Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Қалуова сөз сөйледі.

Барлық педагогтарды айлық жоспармен таныстырды.

-Екінші мәселе бойынша қалалық сайысқа "Хор", және "Би" жанрына балаларды дайындау ескертілді. Жауапты тәрбиешілер, музыка жетекшісі бұйрық бойынша бекітілді.

-Мониторинг нәтижесі талданып, балалармен жеке жұмыстану тапсырылды.

- Барлық топтарда сараптау жұмыстары жүргізіліп, бақылау және басқару жұмысының нәтижелері айтылды. "Гүлдер", "Балапан", "Күншуақ" топтарында бұрыштар толықтыру керектігі айтылды. Қауіпсіздік ережелері сақталсын.

Шешім:

1. Сайысқа дайындық жұмыстары жүргізілсін.
2. Мерекелік іс-шараларға дайындық жұмыстары жүргізілсін.
3. Әдіскер тарапынан бақылау жұмыстары күшейтілсін.

Кеңес төрайымы:  Р.Ж.Шауменова

Хатшы:  Б.Б.Нарынбаева



«Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2023-2024 оқу жылы
Хаттама №7

Қатысқандар: 9 педагог

04.03.2024 жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Айлық жоспарды бекіту.
2. "Жыл ата-анасы -2024ж" байқауына дайындық.
3. Бақылау және басқару жұмысының нәтижелері.

Тыңдалды:

-Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Қалуова сөз сөйледі.

Барлық педагогтарды айлық жоспармен таныстырды. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуын атап өтті.

"Жыл ата-анасы-2024ж" байқауына дайындық жұмысы жүргізіліп, сценарий дайындалсын.

-Барлық топтарға тексеру жұмыстары жүргізілді. Қабылдау бөлмесіне жаңадан стендтер жасалды.

"Балапан" кіші тобында көптеген көрнекіліктер алынып, бес дағды бойынша көптеген жұмыстар жүргізілді.

Ұзын жиһаздар бала деңгейінде кесіліп, орналастырылды.

Шешім:

1. Айлық жоспар орындалсын.
2. Байқаудың сценарийі тапсырылсын.
3. Ескерту берілген топтар жұмыстансын.

Кеңес төрайымы:  Р.Ж.Шауменова

Хатшы:  Б.Б.Нарынбаева



«Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2023-2024 оқу жылы
Хаттама №9

Қатыскандар: 9 педагог

01.04.2024жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Айлық жоспарды бекіту.
2. Балабақшамен қоштасу ертеңгілігіне дайындық туралы.
3. Бақылау және басқару жұмысының нәтижелері.

Тыңдалды:

-Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Қалуова сөз сөйледі.
Барлық педагогтарды айлық жоспармен таныстырды.

-Меңгеруші Р.Шауменова биылғы оқу жылында «Күншуақ» ересек тобы мектепке баратынын айта келіп, балабақшамен қоштасу ертеңгілігінің өткізілу барысына бағыт-бағдар берді. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуын атап өтті.

-Шаруашылық меңгерушісі А.Сембигалиева алдағы уақытта балабақшамызда жөндеу жұмысы болатынын айтты.

- Әдіскер А.Қалуова: "Балапан", "Күншуақ" топтары жиһаздарды бала деңгейіне сай орналастырылып, көптеген дидактикалық, үлестірмелі материалдар алғанын атап өтті.

Шешім:

1. Мерекелік іс-шараларға дайындық жұмысы жүргізілсін.
2. Әр топқа берілген ескертулер орындалсын.

Кеңес төрайымы:

Р.Ж.Шауменова

Хатшы:

Б.Б.Нарынбаева



«Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2023-2024 оқу жылы
Хаттама №9

Қатысқандар: 9 педагог

02.05.2024жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Айлық жоспарды бекіту.
2. Қорытынды педагогикалық кеңеске дайындық.
3. Жазғы сауықтыру жұмысы, ауланы көгалдандыру.

Тыңдалды:

-Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Қалуова сөз сөйледі.

Барлық педагогтарды айлық жоспармен таныстырды. Оқу іс-әрекетінің аяқталуына байланысты қорытынды педагогикалық кеңеске бағыт берді. Жылдық міндеттердің орындалуына, музыка жетекшілері, психолог есебін тыңдау.

-Медбике Л.Арыстанова балалармен жазғы мезгілде сауықтыру шараларын ұйымдастыру бойынша нұсқаулар берді. Медбике алғашқы жәрдем беру жөнінде кеңес берді. Дәрігерлік алғашқы көмек беру көрсетілді.

Жазғы өткізілетін іс-шаралар балаларға қызықты болу керектігі ескертілді. Ертеңгілік жаттығулар уақытында өтуі тиіс. Қимылдық ойындар көп жасалуына көңіл бөлу. Талапқа сай киініп, тазалық сақтауын, ыстық күнде бас киімдерінің болуы қадағалансын.

-Меңгеруші Р.Ж.Шауменова сөз сөйледі. Биылғы оқу жылын аяқтағалы отырмыз. Жазғы іс-шаралар жоспарын құрып, мектепалды топтарын мектепке шығарып салу рәсімі жүргізілсін.

Балалар жаз мезгілінде уақытылы серуенге шығарылсын. Ертеңгілік жаттығулар далада өткізілсін. Далада балалар ойнайтын орындары, аландарда жүретін жолдар таза болуы шарт. Бала жүретін жолдарда зиян келетін заттардан таза болуы шарт. Танертеңгілік құмға су құйылып, кешкілік құмның беті жабылсын. Аттестациядан өтетін педагогтар папкілерін талапқа сай толықтырсын.

Барлық топта бөлме жиһаздары бала деңгейінде қысқартылды. Жасалып жатқан жұмыстар қанағаттанарлық, дегенмен де алдағы уақытта көп жұмыстануды талап етемін. Жаз мезгілінде жертөледе жөндеу жұмыстары болатын айтты.

Шешім:

1. Айлық жоспар орындалсын.
2. Санитарлық ережелер сақталсын.
3. Ертеңгіліктер талапқа сай өткізілсін.
4. Әдіскер жаз мезгіліне жоспар құрсын.

Кеңес төрайымы:  Р.Ж.Шауменова

Хатшы:  Б.Б.Нарынбаева

